

өткен пионербол турнирлерінің жеңімпаздары мадақтамалармен марапатталды. Сондай-ақ осы турнирлерде өз шеберліктерімен көзге түссен оқушылар «Қазақстан Үміті», «Үздік капитан», «Үздік шабуылшы», «Жыл жанаалығы» атты арнайы номинациялармен марапатталды.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық апталығы аясында 6-7 сыныптың қыздары арасында "Тазалық денсаулық - негізі" атты кездесу болып өтті. Кездесуді биология пәні мұғалімі М.М. Мамырбаева өткізді. Кездесуге қалалық емхана мамандары қатысып, қызықты ақпараттарымен бөлісті. Қыз баланың жасөспірімдік кезеңінде ағзасында болатын өзгерістерін атап көрсетіп, жеке бас гигиенасын, сақтауатты өмір салтын ұстануға кеңес берді. Адам ағзасына зиянды заттардың әсері туралы бейнебаян көрсетілді, ситуациялық жағдайлар талқыланып, түрлі сұрақтар қойылды. Қыздар келген қонақтарға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып тың жауап алды.

Әлеуметтік педагог Б.Т.Қасатова және педагог - психолог: Д.Ж.Сағымбекованың ұйымдастырумен оқушыларға есірткі мәселесі бойынша ақпараттылық деңгейін жоғарлату, психикалық белсенді заттарды қолдануға қарсы дағдыларын дамыту мақсатында «Есірткі табысты тұлғаға сай емес» атты тақырыбында 8 "А" "Б" сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушыларға "Амандасу" жаттығуы, бейнеролик, психологиялық ойындар, топтық шығармашылық жұмыстар болды. Осы тренингте оқушылар белсенділікпен қатысып, жағымды көңіл- күйде болды.

Мектебімізде оқу жылы барысында **«Мектеп парламенті» жобасы** жүзеге асырылды. Мектеп парламенті 8 фракциясы бойынша жұмыс жүргізді.

Мектебімізде оқу жылы барысында «Мектеп парламенті» жобасы жүзеге асырылды. Мектеп парламенті 8 фракциясы бойынша жұмыс жүргізді.

2022 жылдың 15 қыркүйек күні мектеп өмірінің мәселелерін шешуде өзін-өзі басқарудың қабілет-дағдыларын арттыру және оқу ордамыздың жана Президентін анықтау мақсатында Мектеп Парламентінің Президентінің сайлауы өткізілді. Президенттікке үміткер 4 оқушы қатысып, өздерінің сайлауды бағдарламасын ұсынды. Мектеп президентін сайлау оқушылар мен мұғалімдердің дауыс беруі арқылы өтті. Сайлаудың қорытындысы бойынша: 9Б сынып оқушысы Аманбаева Жібек - 11 дауыс, 10-сынып оқушысы Мағау Айгүл - 15 дауыс, 9А сынып оқушысы Төлеухан Еркеназ – 48 дауыс, ең көп 75 дауыс жинаған 9Б сынып оқушысы Тлеубай Нұрислам Мектеп Парламентінің Президенті болып сайланды. Сонымен қатар 8 фракцияға министрлер:

1. Құжық және тәртіп министрі – 8А сынып оқушысы Төкентай Акерке;
2. Ақпарат министрі – 9Б сынып оқушысы Болданова Аида;



3. Өзін-өзі тану және бакыт министрі - 9А сынып оқушысы Несіпбай Жұлдыз;
4. Спорт және салауатты өмір салты министрі – 11 сынып оқушысы Ерланов Ерсіні;
5. Экология және еңбек министрі - 8А сынып оқушысы Мадалиева Гүлім;
6. Қамқорлық министрлері – 10-сынып оқушылары Назарова Дильназ, Карина Жаннұр;
7. Мәдениет және өнер министрлері - 8А сынып оқушысы Манатханова Інкар, 9А сынып оқушысы Калижан Ақтоғы;
8. Дебат министрлері - 8А сынып оқушысы Кенбабина Аяулым, 8Б сынып оқушысы Жолдыбай Толғанай;

Сайлаудың қорытындысы бойынша Мектеп Парламенті Президенті Тлеубай Нұрислам жеңіске жетті.

**Құқық және тәртіп фракциясы.** 2022 жылдың 12 қыркүйек күні жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін жас жол инспекторларымен бірлесе «Абайла, бааламай!» тақырыбында акция өткізілді.

21 қазан күні 6-сыныптарда «Жол ережесін білу - бәріне міндет!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды жолда дұрыс жүріп-тұруға тәрбиелеу, ауылдық жерлерде жолда жүру ережесінің айырмашылығын анықтау, жол белгілерін ажырата білуге баулу, жол жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу. Әр сыныптың жас ерекшелігіне сай түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы тақырып аясында ақпараттар берілді.

Зорлық-зомбылық, оның мүмкіндіктері туралы түсінік беру, алдын алу мақсатында 22 қазан күні Мектеп Парламентінің “Құқық және тәртіп” министрінің ұйымдастыруымен 1-4 сыныптар арасында «Жол жүру маршруттары», «Үйге апарар жол» тақырыптары бойынша ақпараттық сағаттар, сурет салу жұмыстары жүргізілді, мультфильмдер көрсетілді.

Мектеп Парламентінің “Құқық және тәртіп” министрінің ұйымдастыруымен 7 “А” сынып оқушыларының қатысуымен «Занды білу - заман талабы!» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында азаматтардың құқықтары мен міндеттері, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық және оның алдын алу шаралары, жастар саясатын қалыптастырудағы құқықтық шаралар төңірегінде өзекті мәселелер талқыланды.

2022 жылдың 14-қараша күні 4 “Б” сыныбында “Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!” тақырыбында сурет сайысы өтті.

2022 жылдың 15 қарашасы күні “Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз бағалық шак” атты апталықтың жоспарына сәйкес 7-9 сынып оқушылары арасында “Баға құқығы-асыл қазына” тақырыбына эссе жазды. Мақсаты: адам құқығы, оның ішінде адам құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенін құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

2022 жылдың 17-қараша күні Мектеп Парламентінің “Құқық және тәртіп” министрінің және “Жол қозғалыс жас инспекторларының” ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушыларына жол қозғалыс ережелерін үйрету, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жол ережесіне арналған суреттерді көрсету арқылы ақпараттар беріліп,



балалардың жолда жүру ережесін есте сақтап қалуына, жол белгілерінің неше түрі бар екенін, оны не үшін білуге қажеттілігіне тоқталып, “Жолда жүру ережесін білесің бе?” тақырыбында сауалнама алынды.

2022 жылдың 18-қараша күні Мектеп Парламентінің мүшелерінің қатысуымен «Білімді ұрпақ – ел болашағы» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушыларға президентіміздің жолдауынан түсінік бере отырып, отанын сүюге, бірлікке, елімізді өркендетуге, еліміздің болашағы жастардың қолында екенін ұғындыру.

2022 жылдың 18-қараша күні “Парасат” өзін-өзі басқару ұйымының отырысы өтті. Мақсаты – оқушылардың тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес тандау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан кабілетті көшбасшы тәрбиелеу. Отырыс барысында ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, камкорлық және еріктілік, құжық және тәртіп, мәдениет және өнер, дебат (пікірсайыс), экология және еңбек фракция министрлеріне алдағы уақытта өтетін іс-шараларға талдау жасалып, бағыт-бағдар берілді.

09.12.2022 жылы “Тарих толқынында” атты тарихи сауаттылық апталығы аясында өткеннің, бүгіннің, болашақтың проблемалары мен жетістіктерін талқылау мақсатында Мектеп Парламентінің Президенті Глеубай Нұрисламынның ұйымдастыруымен 7А сынып оқушыларына “Қазақстан – кеше, бүгін, ертең” тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

2022 жылдың 19-желтоқсан күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыптарда 5-11 сынып оқушыларына “Адалдық сағаты” өткізіліп, “Әнет баба” мешітінің нәиб иманы Нұржігіт Оразалыұлымен түсірілген бейнеролик көрсетілді. Мақсаты: адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру.

18.01.2023ж оқушылар сарайында белгілі ұстаз Ш.А.Амонашвилидің шәкірті, «Жана ұрпақ» көшбасшылар мектебінің ұстазы өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесу қызықты және оқушыларға пайдалы ақпараттар көп болды. Өзін-өзі басқару ұйымы тренингке белсене қатысты.

Күнделік - оқушының басты құжаты. Осы мақсатта 2023 жылдың 25-қаңтар күні “Парасат” өзін-өзі басқару ұйымының министрлері 2-11 сынып оқушыларының күнделіктерін тексерді. Оқушылардың күнделіктерін тексеру нәтижесі бойынша сынып жетекшілерге анықтама берілді.

2023 жылдың 23-27 қаңтар аралығында «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ» КММ-де Адал Ұрпақ ерікті мектеп клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» атты сурет байқауы өтті. Мақсаты: дарынды балаларды анықтап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жас буынды патриоттыққа тәрбиелеу. Оқушылар өз ойларын ашық жеткізе отырып, суреттің мазмұнына ерекше көңіл бөлендігі жас буынның да жана санасының қалыптасқанын білдіреді. Байқаудың қорытындысы бойынша:



I орынмен: 5А сынып оқушылары Ақан Сезім, Азаматұлы Алпамыс; 5Б сынып оқушысы Кәрімхан Айша, 6Б сынып оқушылары Ордабек Айсұлу, Бейбіт Жасель; 7Б сынып оқушылары Танырберенова Сабина, Айтқұлова Ажар; Дамирқызы Дильназ;

III орынмен: 5А сынып оқушылары Жанабекұлы Ислам, Насипжан Жанерке, Саят Нұрислам, Болатбекұлы Әшірбек; 6Б сынып оқушысы Есенгелді Еркеназ және 7Б сынып оқушысы Бағдатұлы Санжар “Мен жемқорлыққа қарсымын” тақырыбында эссе жазып “Ең тұжырымды ой” номинациясымен марапатталды.

2023 жылдың 2-ақпан күні “Оқулықты құрметте, күтіп ұста кірлетпе!” ұранымен “Парасат” мектеп параментінің Президенті мен орынбасарлары 1-10 сынып оқушыларының оқулықтарын тексеру жұмыстарын жүргізді. “Парасат” мектеп параментінің Президенті мен орынбасарлары 1-11 сыныптардың сынып бұрыштарын тексеріп шықты.

13.03.23 жылғы жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін “Парасат” мектеп параментінің “Құқық және тәртіп” министрлігін ұйымдастыруымен «Абайла баламай!» тақырыбында акция өткізілді. Бұл жоба аясында мектеп оқушылары жол жүру ережелерін ғана емес, көшеде өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуді де үйренеді. Ондағы мақсат – акцияға белсене қатысты. Бұл шара балалардың жол-көлік апаттарынан сақтандыру. Мектебіміздің Жас жол инспекторлары өткен жайларын зерттеу, мектепке баратын, мектептен қайтатын, балалар жиі баратын орындарда қауіпсіз қозғалыс бағыттарын әзірлей отырып балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Мектебімізде “Абайланыз, баламай!” акциясы аясында 1-4 сынып оқушылары арасында “Жол тәртібін жадыңда ұста!” тақырыбында сынып сағаттары өтті. 1-4 сынып оқушылары арасында “Жол тәртібін жадыңда ұста!” тақырыбында суреттер сайысы өтті. Мақсаты: Жолда жүру ережелерін ойда сақтай білуге үйрету. Тәртіптілікке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.

04.05.2023 жылғы 1-11 сынып оқушыларына 7-мамыр Отан қорғаушылар мерекесі қарсаңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы тақырыпта “Адалдық сағаты” өткізіліп, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің маңызын қызықтырақ түсіндірілген бейнеролик көрсетілді.

2023 жылдың 19-мамыр күні Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің “Үйбай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі” КММ-де «Менің мектебім буллингке қарсы!» атты жалпы республикалық флешмоб ұйымдастырылды. Мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне, саналы көзқарасына аудару. Флешмобқа барлығы 80 оқушы қатысты.



2023 жылдың 16 мамыры мен 19 мамыры аралығында Жас жол инспекторларының ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында «Жол ережесін білгейік, аман-есен жүрейік!» атты оқушылардың жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру үшін және көшеде дұрыс жүріп-тұруға, жол қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға тәрбиелеу мақсатында суреттер байқауы өтті. Байқаудың нәтижесі бойынша: I орын – 1А Таженов Назар, Әмірбай Шырайлым, 2Б сынып оқушысы Амантай Нұрбақыт, 2А сынып оқушылары Ордабек Шапағат, Ханатұлы Нұрбақыт, 4А сынып оқушысы Қуанышұлы Әли, 3Б сынып оқушылары Әбен Мерей, сынып оқушылары Тлеухан Ернат, 2А сынып оқушылары Қуанышқызы Аружан, Өмірғалы Нұрасыл, 2Б сынып оқушылары Уалибек Нұрдаулет, Мұратұлы Әлинұр, Тлектес Әдемәй; III орын – 1А сынып оқушылары Манасбай Дінмұхаммед, Жунусова Эльнора, 1Б сынып оқушылары Асхат Айша, Қуанышұлы Рамазан, 2Б сынып оқушылары Надирбекова Альбина, Сарсембаева Нурай, Дәрібек Айару, Төлеутай Нұртас, 4А сынып оқушылары Мағау Зере.

28.05.23 жылы Дәстүрлі ЖҚИ слеті өтті. “Абайла, балакай!” атты сурет байқауында мектебіміздің жас жол инспекторлары II орынмен марапатталды. Іс-шараның мақсаты: бағалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларын алдын алу, оқушылардың жол қозғалыс ережелері бойынша білім сапаларын арттыру.

Дебат қозғалысы фракциясы. 7 мен 8 сыныптар білім алушылары арасында 2022 жылдың 22 қыркүйегі күні «БП компьютерлік ойындар оқушылар үшін зиян деп есептейді» атты қарары бойынша дебат өтті. Ойын барысында екі командада жақсы ойын көрсете білді, әр позиция өз құндылығын алып шықты.

Мақсаты: заман талабының сұранысына сәлғасы жетік, адами құндылықты жанына сері еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жана буынын қалыптастыру. Міндеттері: мектеп оқушылары арасында пікір—сайыстың денгейін көтеру. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауы дамыту. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау.

7 мен 8 сыныптар білім алушылары арасында 2022 жылдың 31 қазан күні «БП Интернет оқушылар үшін зиян және пайдалы деп есептейді» атты қарары бойынша дебат өтті. Ойын барысында екі командада жақсы ойын көрсете білді, әр позиция өз құндылығын алып шықты.

“Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз бағалық шақ” Республикалық ақпараттық науқанының аясында 7 мен 8 сынып білім алушыларының қатысуымен 2022 жылдың 17-қараша күні «БП Бағаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездік» атты қарары бойынша дебат өтті. Ойын барысында екі командада жақсы ойын көрсете білді, әр позиция өз құндылығын алып шықты. Мақсаты: заман талабының сұранысына сәлғасы жетік, адами құндылықты жанына сері еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жана буынын



қалыптастыру. Іс-шараның қорытынды кезеңінде тарих пәнінің мұғалімі Бейсекина К.А. команда катысушыларына өз бағасын беріп, келешекте дебат ойынының бұданда жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

08.12.2022 жылы "Тарих толқынында" атты тарихи сауаттылық апталығы аясында Мектеп Парламентінің дебат министрінің ұйымдастыруымен 7-8 сынып оқушыларының катысуымен "Менің қаламның тарихы" атты дебат ойыны өтті.

Мектеп парламентінің мүшелері арасында ұйымдастырылған қалалық пікірсайыс турнирінде жүлделі ІІІ орынмен мектебіміздің «Ыбырай жастары» дебат клубы марапатталды.

12.01.2023 күні «Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі» КММ-де Республикалық Ұлттық пікірсайыс турнирінің мектепшілік кезеңі өтті. Турнир АПФ форматында өтті. Турнирге «Болашақ» дебат клубынан 8 бала қазақ лигата катысты. Турнир қорытындысы бойынша «Болашақ» командасы І орынды иеленіп, қалалық турнирге жолдама алды.

**Ақпарат фракциясы.** Мектебімізде «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз бағалық шак» Республикалық ақпараттық науқанының аясында Мектеп Парламентінің Ақпарат министрінің ұйымдастыруымен «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз бағалық шак» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасалды. 14-қараша күні 5-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: 1. Балаларға қатыгездік пен неміқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару; 2. Қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру; 3. Балаларды зорлық – зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

2022 жылдың 15 қарашасы күні "Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз бағалық шак" атты апталықтың жоспарына сәйкес 7-9 сынып оқушылары арасында "Бада құқығы-асыл қазына" тақырыбына эссе жазды. Мақсаты: адам құқығы, оның ішінде адам құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенін құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

1-наурыз Алтыс айту күніне орай Мектеп Парламентінің Ақпарат министрінің ұйымдастыруымен ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды.

Наурыз мейрамы - бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн тенесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жана күн мерекесі. Мектебімізде 22 наурыз мерекесіне орай "Парасат" мектеп парламентінің Ақпарат министрінің ұйымдастыруымен ақпараттық бұрыш жасалды.

15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне орай 1-4 сыныптар арасында Мектеп Парламентінің "Ақпарат" министрінің ұйымдастыруымен отбасылық фото-суреттерден фотоколлаж жасалып, бақытты сәттерден естеліктер жинап, отбасының маныздылығын арттыра түсті.



**Спорт және салауатты өмір салты.** 6-қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдер күні және Ахмет Мұғалімдері Сатиев К.А, Асқаров А.А ұйымдастыруымен ұлттық спорт ойындары арасында дене шынықтыру пәнінің Салауат бағыты бойынша 2022 жылдың 6-қазан күні "Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі" КЖМ-де Қарағанды облыстық ЖИТС орталығының Балқаш қаласы бойынша бөлімінің дәрігер - эпидемиологы Батырбекова Айгүл Абдолдаевна 7-9 сынып оқушыларына тұмау мен ЖРВИ алдын алу шаралары туралы дәріс оқыды.

25-қазан Республика күніне орай салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің Сатиев К.А, Асқаров А.А ұйымдастыруымен 4-сынып, 7-11 сынып оқушылары және ата-аналар мен оқушылар арасында эстафеталық, баскетбол, волейбол ойындарынан жарыстар өткізілді.

Тоғызқұмалақ - адамның ұтқырлық пен тапқырлық қасиетін ұштайтын, әрі математикалық ойлау мен төзімділікке баулитын ойын. Ол ежелгі түркілер қасиетті санаған 9 санына негізделген. Ойынды кейде "қойшылар алгебрасы" деп те атады. Өйткені, ойын кезінде барлық төрт негізгі математикалық амал қолданылады. Ойын жылдамдық пен әдіс-тәсіл санауға құрылған.

2022 жылдың 14-қараша күні 7-11 сыныптарда "Нашақорлыққа жол жоқ!" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

2022 жылдың 17-қараша күні Мектеп Парламентінің "Спорт және салауатты өмір салты" министрінің ұйымдастыруымен 6-сынып оқушыларына "Нашақорлық – індет, алдын алу міндет" тақырыбында бейнефильмдер көрсетілді.

Мақсаты: оқушының бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тулғанын санасын дамыту, денсаулығын сақтай білуге үйрету, зиянды нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу, нашақорлықтың алдын алу.

2022 жылдың 17-қараша күні Мектеп Парламентінің "Спорт және салауатты өмір салты" министрінің ұйымдастыруымен 4Б сынып оқушыларымен "Зиянды әдеттерден аулақ бол!" тақырыбында суреттер сайысы өтті. Мақсаты: зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру.

13.03.23 жылғы мектебімізде дүниежүзілік түберкулезбен күрес күніне орай "Өзінді түберкулезден қорға!" атты ұлттық бағдарламасы аясында 4-сыныптар арасында "Түберкулезге жол жоқ!" тақырыбында суреттер сайысы ұйымдастырылды.

**Мәдениет және өнер фракциясы.** Ұстаздар күні қарсаңында мектебімізде 30 қыркүйек күні "Дублер күні" өткізілді. Іс шараға мектеп парламентінің мүшелері, 9-11 сынып оқушылары ат салысып, жоғары деңгейде ұйымдастырды. Мектеп әкімшілігі мен ұстаздардың қызметіне дубляр жасатан оқушылар ұстаз мамандығының қызығы да, қиындығы да болатынына, ұстаз болу - адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі екеніне көз жеткізді.



Ұстаз-ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. 2022 жыл 30 қыркүйекте мектебімізде бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Ұстаз - ұлы тұлға" атты ұстаздарымызды құттықтау мерекелік концерті болып өтті.

17.10.22 күні 1-4, 5-10 сыныптар арасында «Күз сыйы» көрме байқауы ұйымдастырылды. Күз-байлық, күз-бөреке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушылар түсіндіріп айтып өтті. Оқушылар байқауға табиғи бұйымдардан колөнер бұйымдарын жасап өз еңбектерін көрсетті. 2022 жылдың 17 қазан күні Мектеп Парламентінің «Мәдениет және өнер» министрлерінің ұйымдастыруымен 1-4, 5-10 сыныптар арасында «Арайлы, Алтын күз!» атты мектепшілік алтын күз шығармашылық байқауы өтті.

Мақсаты: оқушылардың шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету. Өнерге деген қызығушылықтарын ояту және сөздік қорларын байыту.

Байқау 4 кезеңнен тұрды. Байқау барысында әр сыныптан ханзада мен ханшайым шығып өз өнерлерін ортаға салды.

Сайыс қорытындысы бойынша:

1-4 сыныптар арасында: 4Б сыныбы – Бас Жүлде, 3А сыныбы - 1 орын, 2А, 3Б сыныптары – 2 орын, 1А, 1Ә, 2Б сыныптары – 3 орын

5-7 сыныптар арасында: 6Б сыныбы – Бас жүлде 7А сыныбы – 1 орын 5А, 5Б сыныптары – 2 орын 6А, 7Б сыныптары – 3 орын

8-10 сыныптар арасында: 8Б сыныбы – Бас жүлде 9А сыныбы – 1 орын 8А, 10 сыныптары – 2 орын 9Б сыныбы – 3 орын

2022 жылдың 1 қараша күні күзгі каникул жоспарына сәйкес аға тәлімгер Марлен Э.Н. ұйымдастыруымен Жас Қыран ұйымының мүшелері 4АБ сынып оқушыларына «Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта» атты интеллектуалды ойын өткізілді. Ойын 6 кезеңнен тұрды. Ойынның нәтижесінде 4А сынып білім алушылары "Тапқырлар" тобы 1 орынды, 4Б сынып білім алушылары "Ыгірлер" тобы 2 орынды иеленді.

2022 жылдың 3-қараша күні күзгі демалыс жоспарына сәйкес оқушылардың биге деген құштарлықтарын арттыру мақсатында бастауыш сыныптар мен жоғары сыныптар арасында "Биге, биге" би байқауы өткізілді.

Тәуелсіздік күніне арнаптан «Елімінің еркіндігі - Тәуелсіздік» атты іс-шара жоспарына сәйкес 5-10 сыныптар арасында "Тәуелсіздік туы, желбіре!" атты патриоттық әндер байқауы өтті. Мақсаты: жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Байқаудың қортындысы бойынша:

Бас жүлде: 5 «А» сынып оқушысы Бөлген Амина және анасы Назгуль Саятқызы;



I орын: 7 «Б» сынып оқушысы Мейрамбек Жәнібек;  
II орын: 5 «Б» сынып оқушылары;  
III орын: 5А сынып оқушылары;

Алғыс хатпен 8А, 10-сынып оқушылары Насипжан Акерке, Насипжан Жанерке анасы Назым Маратханқызы  
2022 жылдың 27-28 желтоқсан күндері 0-8 сынып оқушылары арасында “Төрлет, құтты Жана жыл!” атты  
мерекесі өткізілді. Мереке қарсаңында мектеп залы безендіріліп, шырша құрылды. Оқушылар қызықты қойлымдар  
қойып, ән айтып, би биледі. Жас ұстаздар ертегі кейіпкерлерін сомдап, өз өнерлерін ортаға салды. Аяз ата мен  
Ақшақар оқушыларға арнайы тәтті сыйлықтар таратып, жана жылдық көңіл-күй сыйлады.

Мектебімізде қысқы демалыс жоспарына сәйкес аққалар шеруі өтті. Іс-шараға ата-аналар мен оқушылар  
қатысты. Бірлескен жұмыстың арқасында аққалдар өте креативті шықты.  
Қалалық “Шеберлер қалашығы” атты қардан мүсіндер жасау байқауында мектебіміздің “Парасат” өзін-өзі  
басқару ұйымының мүшелері қатысып, жүлделі I орынмен марапатталды.

I-наурыз Алғыс айту күніне орай “Парасат” мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастыруымен “Алғыс  
бәріне” атты іс-шарасы өтті. Мақсаты: ұстаздарға, оқушыларға, кіші қызметкерлерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлау және  
алғыс білдіру.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде «Сыйынар ем, Ана деген тәңіргел!» атты мерекелік  
концерт өтті. Ана - тіршіліктің қайнар көзі, махаббаттың шуақ күні, мейірімнің қаусар бұлағы екенін, жандының  
жылудың суытпай, тал бесікті төрбей отырып, тебірене толғар бесік жыры, аңыз ертегілері мен жақұт жырлары арқылы  
ұрпағының бойына адамдық қасиеттерді дарытқан аналар екенін жеткізу, анаға деген бағда махаббатын ояту көзделді.  
2023 жылдың 27-сәуір күні “Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі” КММ-де I мамыр – Қазақстан  
халқы бірлігі күні аясында I-4 сыныптар арасында «Ұлттар фестивалі» байқауы өтті. Мақсаты: өзге ұлт өкілдерінің  
мәдениетін, өнерін, өзіндік үлгі-өнегесін келешек ұрпақтың бойына сіңіру. Қатысушылар байқау ережесіне сәйкес,  
өздеріне берілген елімізде тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, тұрмысын сахнадап, өнерлерін көрсетіп, ұлттық  
тағамдарын таныстырды: IА - татар халқы, IӘ - қазақ халқы, 2А - қырғыз халқы, 2Б - француз халқы, 3А - кәріс халқы,  
3Б - түрік халқы, 4А - орыс халқы, 4Б - жапон халқы. Байқаудың қорытындысы бойынша: Бас жүлде - 3Б сыныбы; I  
орын - IА, 3А, 4А сыныптары; II орын - IӘ, 4Б сыныптары; III орын - 2А, 2Б сыныптары;

2023 жылдың 28-сәуір күні “Ыбырай Алтынсарин атындағы №25 ЖББ мектебі” КММ-де I мамыр – Қазақстан  
халқы бірлігі күні аясында 5-10 сыныптар арасында «Ұлттар фестивалі» байқауы өтті. Қатысушылар байқау ережесіне  
сәйкес, өздеріне берілген елімізде тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, тұрмысын сахнадап, өнерлерін көрсетті: 5А  
- орыс халқы, 5Б - қырғыз халқы, 6А - түрік халқы, 6Б - қазақ халқы, 7А - жапон халқы, 7Б - өзбек халқы, 8А - кәріс  
халқы, 8Б - француз халқы, 9А - грузия халқы, 9Б - татар халқы, 10 сынып - украин халқы. Байқаудың қорытындысы



бойынша: 5-7 сыныптар арасында: Бас жүлде - 5А сыныбы; I орын - 6Б сыныбы; II орын - 5Б, 6А сыныптары; III орын - 7А, 7Б сыныптары;

05.05.2023 күні Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімі «Ыбырай Алтынсарин күніне арналған салтанатты кеш ұйымдастырылды.

**Экология және еңбек фракциясы.** 23 қыркүйек күні оқушыларды еңбек тәрбиесімен таныстыру, ой-өрісін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру, тіл байлығы, таным белсенділіктерін, еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында 3"А" сыныбында «Еңбек түбі - береке» тақырыбында сынып сағаты өтті. Түрлі әдіс-тәсілдерді қамтыған сынып сағатында оқушылар өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты.

I-казан карттар күніне орай 27-қыркүйек күні 1-4 сыныптарда "Қарттарым - асыл қазынам" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушылардың бойына халқымыздың кәдір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және атады сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.

7-9 сынып оқушылары арасында мектепшілік "Туған өлкемнің экологиясы" атты ғылыми жоба байқауы өтті. Оқушылар 2 номинация бойынша өздерінің бақтарын сынады. Үздік "Экологиялық көлөнер" номинациясы бойынша: I орынмен 9 "А" сыныбы 2 орынмен 9 "Б" сыныбы 3 орынмен 8 "А" сыныбы Үздік "Жасыл жоба" номинациясы бойынша: I орынмен 9 "Б" сыныбы 2 орынмен 9 "А" сыныбы 3 орынмен 8 "Б" сыныбы Марапатталды. Мақсаты: Оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру. Ең талантты және дарынды зерттеушілерді іріктеу және қолдану, оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамыту мәселелеріне қоғамның назарын аудару және ғылыми-зерттеу нысандарын тарту.

Жас ұрпақты қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде 20.05.23 күні "Таза қала!" акциясы аясында сенбілік өтті. Сенбілікке ұстаздар, оқушылар, кіші қызметкерлер белсене қатысты.

Қамқорлық фракциясы. Күнделік - оқушының басты құжаты. Осы мақсатта 2023 жылдың 25-қазан күні "Парасат" өзін-өзі басқару ұйымының министрлері 2-11 сынып оқушыларының күнделіктерін тексерді. Оқушылардың күнделіктерін тексеру нәтижесі бойынша сынып жетекшілерге анықтама берілді.

2023 жылдың 2-ақпан күні "Оқулықты құрметте, күтіп ұста кірлетпе!" ұранымен "Парасат" мектеп парламентінің Президенті мен орынбасарлары 1-10 сынып оқушыларының оқулықтарын тексеру жұмыстарын жүргізді. Оқулықтардың оқушы қолында қалай жүргенін тексеріп білді.



**Өзін-өзі және бақыт фракциясы.** 1 қазан қарттар күніне орай Мектеп Парламентінің "Өзін-өзі тану және бақыт" министрінің ұйымдастыруымен 1-4 сынып оқушылары арасында "Қарттарым - асыл казынам" тақырыбында фотоколлаж байқауы өтті.

**2022-2023 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмыстары бойынша кездескен келергілер және оларды жою жолдары бойынша ұсыныстар :**

**Келергілер:** Оқушылардың сабаққа үнемі кешігіп келуі, түрлі себептермен сабақты босатуы. Оқушылардың құжықтық мәдениет ережелерін толық меңгермеуі. Оқушылардың арасында болашақ мамандықтарын ерте дұрыс таңдай алмауы. Іс-шараларға оқушыларды қатыстыруда қиындықтардың туындауы.

**Шешу жолдары:** Отбасылармен бірлесе іс-шаралар өткізу, баға тәрбиесіндегі қиындықтарды тұтғызбау мақсатында дәстүрлі емес кездесулер, әңгіме сағаттарын өткізу. Мектептегі «Ұлағат» әкелер кеңесі және «Көркем» аналар кеңесінің жұмысының жүйелі жүргізуін қолға алу. Осы кездескен келергілерді жою мақсатында ата-аналардың қоғамдық жұмыстарға қатысуын арттыру. Іс-шаралардың өткізілуі формасына үлкен жауапкершілікпен қарау, өзгерістер енгізу. Жоспарға сәйкес іс-шараларды өткізгенде үнемі қадағалау, әзірлемесінің дұрыс жасалуын назарда ұстау, сынып сағаттарына қатысу. Сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстарын өткізілуін жолға қою, жас сынып жетекшілерге көмек беру.

**Мектеп директоры**



**Г.С.Мейрбекова**

Орындаған ДТҖЖО: Мусаханова Д.Ж

Жолдасбекова М.М